КЕЛІСІЛДІ
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы _____ С.Дауешова
«__31__» ____08____ 20__23__ж.

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
_____ Н.Рысбаева
«_____» _____ 2023 ж.

ЭКСПЕРИМЕНТТІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту»
2023 – 2026 оқу жыл аралығы

Астана, 2023 жыл

Эксперименттік білім беру бағдарламасы «БІЛІМ туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. Заңына (өзгерістермен), «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 27.03.2015 ж. № 139 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Эксперименттік білім беру бағдарламасы
№12 «Қарлығаш» балабақшасының
педагогикалық кеңесінде қаралды және мақұлданды
22.05.2023 ж. № 5 хаттама
Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы Ш.О. Байболова, әдіскер

ТҮЙІНДЕМЕ

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту»

Эксперименттік білім беру бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік әлеуетін арттыруға, логикалық ойлауын, зейінін, қабылдауын, есте сақтауын және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Бағдарлама аясында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес логикалық тапсырмалар жүйесі әзірленіп, білім беру үдерісінде қолданылады. Дидактикалық ойындар мен логикалық жаттығулар арқылы балалардың салыстыру, талдау, топтастыру, заңдылықтарды анықтау және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын дамыту көзделеді.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық әдістерді анықтау және тәжірибеде қолдану.

Міндеттері:

1. Балалардың зияткерлік даму деңгейін анықтау және логикалық ойлау ерекшеліктерін зерттеу.
2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес логикалық тапсырмалар жүйесін әзірлеп, білім беру үдерісіне енгізу.
3. Логикалық тапсырмаларды жүйелі қолданудың балалардың зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын бағалау.

Бағдарлама үш кезеңде жүзеге асырылады: дайындық және бастапқы диагностика, қалыптастырушы эксперимент, қорытындылау. Зерттеу нәтижелері бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг арқылы салыстырылып, балалардың дамуындағы өзгерістер анықталады. Бағдарлама нәтижесінде балалардың зияткерлік қабілетін дамытуға арналған тиімді әдістер жүйеленіп, педагогтерге әдістемелік ұсыныстар әзірленеді.

Өзектілігі:

Бүгінгі күн талабы баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін тиімді дамыту қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ой-өрісі дамыған мектеп жасына дейінгі балалар материалды тез есте сақтайды, өз мүмкіндіктеріне сенімді, жаңа ортаға оңай бейімделеді. Логикалық тапсырмалар баланың зияткерлік даму деңгейін арттырады. Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балаға есептерді шешу қиынырақ болады, тапсырмаларды орындау көп уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді. Логикалық ойлау дағдыларын дамытудың маңыздылығы "ойлауында әрекет ету" қабілетіне байланысты. Сондықтан, балалардың жан-жақты дамуы үшін логикалық тапсырмалардың рөлі ерекше.

Зерттеу объектісі: 3-4 жастағы балалар

Зерттеупәні: Ұйымдастырылған іс – әрекет

Эксперименттің мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыра отырып, танымдық - зияткерлік дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Баланың ақыл-ой әрекетінің дамуына ықпал ету, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын арттыру.
2. Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыра отырып, танымдық - зияткерлік қабілеттерін дамыту.
3. Логикалық ойындарды ойнай отырып балаларды топпен жұмыс істей білуге дағдыландыру. Баланы шапшандыққа, ізгілікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Болжам: Егер, үлгілік оқубағдарламасының мазмұнына сәйкес логикалық тапсырмаларды ойын, қимыл, танымдық, еңбек, зерттеу ұйымдастырылған іс-әрекетінде тиімді пайдаланса, онда балалардың логикалық ойынға деген қызығушылығы артады; ойлау, қиялдау, танымдық – зияткерлік қабілеттері дамып іс - тәжірибе оң нәтиже береді.

Эксперименттік алаң мерзімі: **2023-2026 оқу жылдары**

Эксперименттің жүзеге асырылу мерзімі: эксперимент зерттеу кезеңдері бойынша 3 жылға есептелген.

№	Кезеңдер	Іске асу мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Күтілетін нәтиже
1.	**Тәжірибелік**	2023-2024 жж.	1.Бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізу. 2. Педагогтер арасында сауалнама жүргізу. 3. Педагогтерге арналған дөңгелек үстел, семинар ұйымдастырып өткізу. 4. Логикалық тапсырмалар арқылы балаларды жан-жақты дамытудың тиімділігі тақырыбында кеңес беру. 5.Ата-аналармен кездесулер ұйымдастыру. 6.Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде логикалық тапсырмаларды кіріктіре қолдану. 7. Сыналатын технологияларды балалардың жас ерекшелігіне сай оңтайландыру. 8. «Қызықты логикалық ойындар» үйірме жұмысын жоспарлау 9. «Логикалық ойлау» Семинар-практикум Эксперименттік алаңның жұмысын қорытындылау.	Балалардың танымдық-зияткерлік даму деңгейлері анықталады. Педагогтердің ізденіс талаптары анықталады. Эксперименттік топтағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыстардың нәтижелілігі. Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың қызығушылықтары артып, танымдық қабілеттері дамиды. Эксперимент тақырыбына қатысты қолданылатын ойындардың нақтылануы. Балаларды логикалық ойлай білуге баулу барысында үйірме ашылуы. Іс-тәжірибемен алмасу.
2.	**Жалпылау**	2024-2025 жж.	1.Бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізу. 2. Эксперимент жұмысын жалғастыру негізінде педагогтарға арналған тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру.	Балалардың танымдық-зияткерлік даму деңгейлері анықталады. Танымдық іс-әрекет арқылы балалардың сөздік қорлары, қимыл қозғалыстары, ойлау қабілеттері

			3. Шебер – сыныптар өткізу. 4. «Балабақшада логикалық ойын түрлерін ұйымдастыру» тақырыбында кеңес беру. 5. «Креативті педагог» іскерлік ойын 6. «Логика әлемі» ата-аналар мен балалардың қатысуымен сайыс ұйымдастыру. 7. Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу. 8.Эксперименттік алаң жұмысы бойынша қалалық іс-шараларға қатысу арқылы тәжірибе алмасу. «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту» атты эксперимент алаң бойынша тәжірибені ата-аналармен бөлісу, ашық есік күндерін ұйымдастыру. 9. Логикалық тапсырмаларды түрлендіре отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдану. 10. «Қызықты логикалық ойындар» үйірме жұмысын ұйымдастыру. 11. Эксперименттік алаңның жұмысын қорытындылау. Қалалалық семинар ұйымдастыру: «Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік	артады. Әр баланың отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнатылады. Жағымды көніл-күйге енуіне мүмкіндік жасалады. Балалардың танымдық белсенділігі артып, сөздік қорлары молаяды. Құрдастарымен, үлкендермен қарым-қатынас жасаудың ізеттілік, сыпайылық негіздері қаланады. Балаларды логикалық ойлай білуге баулу барысындағы үйірменің іске асуы. Материалдық-база толықтырылады.

			қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту»	
3.	**Еңгізу**	2025-2026 жж.	1.Бастапқы,аралық, қорытынды мониторинг жүргізу. 2. Балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуда Логикалық тапсырмалар мен ойындардың түрлерін тереңдете отырып, кең түрде қолдану. 3. Эксперименттік алаң жұмыстары бойынша мақалаларды жариялау. 4. Педагогтармен тәжірибелік семинар, шебер-сынып, іскерлік ойын, тренинг ұйымдастыру. 5. Эксперимент қатысушылары әзірлеген тәжірибені ұйымдастыруға бағытталған жаңашыл әдіс-тәсілдерді тарату. 6. Эксперимент нәтижесінде әдістемелік құралдар дайындау және баспадан шығару. 7.«Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту» тақырыбында республикалық семинар ұйымдастыру.	Балалардың танымдық-зияткерлік даму деңгейлері анықталады. Зияткерлік және шығармашылық қабілеттері дамып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйренеді.Балалар әр түрлі іс-әрекеттегі білімі мен дағдыларына сүйене отырып, өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті болады. Тәрбиеленушіліердің ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас орнатылады. Педагогтердің кәсіби біліктіліктері артады. Эксперимент қатысушылары әзірлеген тәжірибе ұйымдастыруға бағытталған жаңашыл әдіс-тәсілдер балабақшаларға таратылды.

ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ:

1. Әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуі.
2. Дидактикалық материалдардың жеткілікті болуы.
3. Материалдық – техникалық базамен қамтамасыз етілуі.
4. Заттық-дамытушылық ортаның толықтырылуы.
5. Педагогтардың дайындығы.
6. Ата-аналармен бірлескен жұмыстың ұйымдастырылуы.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ:

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бақылау, сауалнама жүргізу, алынған деректерді талдау, жобалау, салыстыру.

БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ:

1. Бастапқы, аралық, қорытынды мониторингі.
2. Әдістемелік кеңесте талдау.
3. Тақырыптық бақылау жүргізу.
4. Аналитикалық есеп.
5. Анықтама.
6. Әдістемелік кеңес отырысының хаттамалары.

ЭКСПЕРИМЕНТ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына, 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидалары».

6. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

7. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы.

8. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы).

9. 2021 жылғы 15 наурыздағы№ 137 қаулысыменбекітілгенМектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.
10. Т.С. Идилова «Логика» Алматы баспасы, 2009ж.
11. Р.Л. Омарова «Логикалық сұрақтар, есептер, ойындар мен құрастырмалар» Өлке, 2016ж.
12. О.Н. Земцова «Логикалық тапсырмалар», 2022ж.
13. Мектепке дейінгі балалардың ойлауын дамытушы технологиялар әдістемелік құрал, 2014ж.
14. «Логика» сборник практических материалов для ДОУ, Москва, 2007ж.
15. М.В. Кралина «Логика», Екатеринбург «У-Фактория», 1998ж.